

## ТЕРМИНЖАСАМДАҒЫ МЕТАФОРАНЫҢ КОГНИТИВТІК МЕХАНИЗМДЕРІ

Хасанғалиева Б.К.<sup>1</sup>, \*Исакова С.С.<sup>2</sup>, Исакова А.С.<sup>3</sup>

<sup>1</sup>докторант, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті  
Ақтөбе, Қазақстан, e-mail: [bibigul2901@mail.ru](mailto:bibigul2901@mail.ru)

<sup>\*2</sup>филология ғылымдарының докторы, профессор, Қ.Жұбанов  
атындағы Ақтөбе өңірлік университеті  
Ақтөбе, Қазақстан, e-mail: [sabira-i@yandex.ru](mailto:sabira-i@yandex.ru)

<sup>3</sup>филология ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы, Ш. Есенов  
атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар мен инжиниринг  
университеті

Ақтау, Қазақстан, e-mail: [assylymay.issakova@yu.edu.kz](mailto:assylymay.issakova@yu.edu.kz)

**Андатпа.** Мақала терминжасамдағы метафораның когнитивтік механизмдерін анықтауға арналады. Зерттеу нысаны – офтальмологияның қазақ және ағылшын тілдеріндегі терминжүйесі. Зерттеудің пәні – метафора офтальмология терминологиясындағы арнайы білімді бейнелеу тәсілі ретінде. Зерттеудің мақсаты – атау теориясы мен когнитивті лингвистика тұрғысынан метафоралық модельдеу ерекшеліктерін және қазақ және ағылшын тілдеріндегі офтальмология терминжүйесіндегі метафораланудың қолдану тәсілдерін түсіндіру. Зерттеудің мақсаты мен пәні мынадай нақты міндеттерді шешуге бағытталды: 1) қазақ және ағылшын тілдеріндегі офтальмологиядағы метафоралық терминдер корпусын және олардың атауыштық сипаттамаларын анықтау; 2) зерттелетін терминжүйені қалыптастыруда метафоралық атаудың ерекшелігін белгілеу; 3) термин-метафоралардың негізгі көздерін анықтау және зерттелетін терминжүйеде метафоралық модельдер құру; 4) метафоралаудың вербалдану тәсілдерін зерделеу және зерттелетін терминжүйеде метафораның модельдерін ұсыну. Зерттеу материалы ретінде монографиялардан, терминологиялық түсіндірме сөздіктерден, энциклопедиялардан, анықтамалықтардан, Интернет-каталогтардан, салалық журналдардан, сондай-ақ ресми құжаттардан, халықаралық жіктемелерден және т.б. үздіксіз іріктеу әдісімен алынған дара, күрделі қазақ және ағылшын тілдеріндегі термин-метафоралар алынды. Зерттеудің теориялық маңыздылығы оның нәтижелері жалпы терминжүйелерді және офтальмология терминжүйесін талдау әдістемесін жетілдіруге ықпал етуі мүмкін. Терминдерді зерттеу үшін когнитивті талдау әдістерін қолдану және терминжасамдағы метафоралардың қызметін анықтауға, метафора теориясының одан әрі дамуына ықпал етеді, метафора-терминдердің негізінде жатқан танымдық процестерді тереңірек тануға қосымша мүмкіндік береді. Зерттеудің практикалық мәні офтальмология метафораларының корпусын түсіндіру, сондай-ақ жалпы дәрістер оқу және семинарлар өткізу кезінде қолдану мүмкіндігінен көрінеді.

**Тірек сөздер:** термин, терминология, терминжүйе, метафора, метафора-терминдер, метафоралық модель, когнитивтік механизм, офтальмология терминдері

### Негізгі ережелер

Соңғы жылдары тіл білімі зерттеулерінде маңызды өзгерістер мен тың тұжырымдарды байқауға болады. Басқа ғылым салалары сияқты тіл білімі де жаңа зерттеу парадигмасы аясында қарқынды дамып келеді. Тіл білімінің жаңа парадигмасының антропоэзектік деп аталуының сыры тілдегі адам, адамдағы тіл ұстанымымен тікелей байланысты. Кез келген ұлттың тілі оның өмір сүру салтын, мәдениетін, салт-дәстүрін, ділін, санасын, өмірлік ұстанымы мен дүниетанымдық көзқарасын, мінез-кұлқы мен психологиясын бейнелейтін құрал болып саналады. Тілді оны жасаушы тіл сөйлерменінен тыс зерттеу мүмкін емес. Осыған байланысты аталған зерттеуімізде тіл біліміндегі антропоэзектік парадигма аясында пайда болған когнитивті лингвистиканың қоршаған дүниені қабылдау мен ойлау, білімді категориялау мен концептуалдау, модельдеу, сақтау мен жеткізуге баланысты қалыптасқан ғылыми тұжырымдар басшылыққа алынады. Жалпықолданыстағы сөздер сияқты ғылым тілінің негізін құрайтын терминдердің де жасалуында ұлттық ерекшелікке негізделген ғылымтанымдық механизмдер орын алады. Осындай мәселеге терминжасамдағы метафораның когнитивтік механизмдерін арнайы зерттеу жатады. Зерттеуімізде метафора теориясына қатысты пайда болған жаңа тұжырымдар мен ережелерге назар аударылады. Қазақ және ағылшын офтальмология терминдерінің метафоралану механизмдері салғастырмалы аспектіде талданады.

### **Кіріспе**

Көптеген жылдар бойы ғылыми дискурста метафораны әдеби стильге тән көркем-әдеби тәсіл ретінде қарастырып келді. Ғалым В.Г.Гак былай деп жазады: «Метафораны зерттеуде үнемі оның қызметіне назар аударылып келді: бір жағынан, ол атауы жоқ затқа атау болу қызметін атқарды, екінші жағынан, көркем сөйлеу құралы қызметін атқарды. Ежелгі дәуірден қалыптасқан дәстүр метафораның екінші қызметінің ерекшелігіне мән берді»[1, 11 б.].

Антропоцентрлік сипаттағы тіл білімінің қазіргі даму кезеңінде метафора ұғымы жаңа түсіндірмемен толығып отыр. Метафораға арналған зерттеулерде оның адамның концептуалды және вербалды жүйесін құрудағы маңызды рөліне, оның ойлау үдерістері мен қабылдау, тілдік категориялауға белсенді қатысатындығына ерекше назар аударылып отыр (Дэвидсон 1990; Кассирер 1990; Кубрякова 1999; Лакофф 2004; Лакофф, Джонсон, 2003; Мишланова 2002; Чудинов 2001; Fauconnier 1999; Turner, Fauconnier 1995, 1998 және т.б.).

Өткен ғасырдың аяғында метафораны зерттеуге деген қызығушылық өсе бастады, бұл оны әр түрлі ғылыми бағыттар тұрғысынан қарастыруға әкелді. Сондай бағыттардың бірі когнитивті лингвистика болды, осы ғылыми бағыт аясында метафораның когнитивтік теориясы дүниеге келді, оның негізгі тұжырымдары лингвист Дж. Лакофф пен философ

М.Джонсонның *Metaphors We Live By* [2] еңбегінде көрініс тапты. Зерттеушілер көптеген мысалдарды талдай келе, метафора күнделікті қарым-қатынастың ажырамас бөлігін құрап қана қоймай, біздің ұғымдық жүйеміздің негізін құрайтынын дәлелдеді. Демек, біз метафоралық тіркестерді тілімізде қолданып қана қоймай, олар сәйкес келетін категориялар мен концептілермен ойлаймыз.

Соңғы жылдары метафораны талдауда корпуслық зерттеуді пайдалану байқалады. Мұндай зерттеулердің қатарына Чартерис-Блэк (2004), Аднан (2014); Аренс, Жианг (2020); Сардина (2007); Семино және басқалары (2015); **Ли Тяньин, Ю.В. Богоявленская (2023)** т.б. жатқызуға болады. Зерттеушілер **Ли Тяньин, Ю.В. Богоявленская** «Когнитивтік лингвистика тұрғысынан көптілді коммуникациядағы метафора мен мультимодальды метафораның семантикалық трансформациясы және мәдени бейімделуі» [3] мақаласында бүгінгі таңда корпуслық әдістер метафора теориясы мен оны талдауға үлкен үлес қосты деп атап көрсетеді. Шындығында, тіл білімінің антропоэзектік парадигмасының жан-жақты дамуына байланысты сонау 80 жылдары пайда болған метафора теориясын жаңа көзқарастар мен тұжырымдар толықтырып отырғанын атап айту қажет. Мәселен, Чартерис-Блэк сыни метафоралық талдау әдісін ойлап тапты [4]. Аталған талдау корпуслық тіл білімі мен когнитивтік лингвистиканы, сыни дискурс талдауларды біріктіре отырып, метафораларды зерттеуге бағытталады. Ғалым сыни метафоралық талдауды әртүрлі дискурстағы метафораларды зерттеуге пайдаланды. Бұл әдіс үш кезеңді сыни талдауға негізделген: 1) метафораны идентификациялау; 2) метафораны интерпретациялау; 3) метафоралық түсіндіру. Е. Семино метафоралар таным мен қарым-қатынас үшін маңызды, өйткені олар біздің өміріміздің нақты аспектілерін түсіндірудің түрлі тәсілдерін бейнелейді деп жазады [5].

Метафора теорияларына байланысты жазылған әдебиеттерге шолу жасау оған деген бір-бірімен байланысты үш көзқарастың бар екенін анықтады: когнитивтік (Lakoff, G. and M. Johnson 1980), дискурстық (Cameron et al. 2010) және тәжірибелік (Reisfield, G. and G. Wilson 2004). Аталған үш көзқарас корпуслық тіл білімімен байланыса отырып, метафораны зерттеуге арналады, бірақ әрбір көзқарастың өзіндік басымдықтары бар екенін де айту керек. Когнитивтік көзқарас тұрғысынан ғалымдар метафораны тіл мен ойлаудың жемісі ретінде қарастырады. Метафораға дискурстық көзқарас сөйлеудегі оның формасы мен қызметіне назар аударады, мәселен, метафораны кім, не мақсатпен, қандай жағдаятта қолданды және оның әсері немесе салдары қандай болды деген мәселелерді анықтауға ұмтылады. Тәжірибелік көзқарас бойынша метафоралар белгілі бір институционалды қарым-қатынасқа қалай ықпал етеді немесе кедергі келтіреді, яғни қандай метфораларды қолдану керек, қандайларынан бас тарту керек деген мәселеге назар аударады. Бұл зерттеуімізде біз қазақ және ағылшын офтальмология терминжүйесіндегі метафораларды

когнитивтік көзқарас тұрғысынан талдауға ұмтыламыз. Сонымен бірге метафораланған нысанды фрейм ретінде анықтаған М. Блэк теориясы, Н.А. Базилаяның бинарма теориясы басшылыққа алынады. Метафораларды талдаудың дискурстық және тәжірибелік көзқарастары басқа зерттеулерімізде қарастырылатын болады.

Отандық тіл білімінде метафораны түрлі қырынан зерттеген А.С. Сыбанбаева, И.С. Муратбаева, С.К. Сансызбаева, Қ.Қ Рысберген, Г.Н. Зайсанбаева, Г.С. Кусаинова, Ф.З.Сеитова, Г.О. Дюсенбаева, М.В. Тричик, А.М. Төлеубаева, Ж.Т. Оспанова және т.б. ғалымдарды атауға болады.

Ғалым Қ.Қ. Рысберген когнитивтік метафораның лингвотанымдық әлеуетін ономастикалық материалдар негізінде зерттей келе, былай деп жазады: «Адам әлемді метафоралық категориялармен концептуалдау барысында ұлттық ұжымның тілдегі танымдық, эстетикалық, бағалауыштық әлеуеті айқындала түседі. Метафоралаудың негізінде когнитивтік сенсомоторлық әрекеттер жатыр. Өйткені адам қоршаған дүниені бес қабылдау сенсорлы арналары арқылы санада өңдейді, яғни мұнда ұжымдық тәжірибе жатыр» [6, 184 б.]. М.Т. Дильманова метафораны адам концептасын құрылымдайтын концептуалды механизм деп атайды [7, 40 б.].

Медицина терминжүйесіндегі метафораларды арнайы зерттеген ғалымдарға С.Л. Мишланова (2002), Т.И. Уткина (2007), С.Г. Дудецкая (2007), О.Д. Вишнякова (2018) және т.б. атауға болады. С.Л. Мишланова, Т.И. Уткина, О.Д. Вишнякова метафораны медициналық дискурста зерттесе, С.Г. Дудецкая метафораны ағылшын бас-жақ-сүйек хирургиясы және стоматологиясы терминдерін жасау тәсілі ретінде қарастырған. С.В. Швецова (2005) қазіргі ағылшын офтальмология терминжүйесіндегі терминжасам тәсілдеріне лингвистикалық талдау жасаған. Қазақ тіл білімінде медицина терминдеріне арналған зерттеулерге М.О. Исамбаев (1961), К.Г. Аяпбергенова (1987) еңбектерін атауға болады. И. Мұратбаева (2000) қазіргі қазақ және орыс тілдеріндегі метафораланған терминдердің семантикасын зерттеген. Көріп отырғанымыздай, қазақ тілінде медицина терминологиясындағы метафораларға, оның ішінде қазақ және ағылшын тілдеріндегі офтальмология терминдеріндегі метафораларды арнайы зерттеген еңбектер кездеспейді.

Зерттеудің өзектілігі дамып келе жатқан терминологиялық жүйелерді зерттеу үшін пайдалы болуы мүмкін білімнің жаңа саласының терминологиясын ұйымдастырудың заңдылықтарын анықтауға себеп болатын қызығушылыққа байланысты. Терминжасамның когнитивтік аспектілерін одан әрі зерттеу, оның ішінде арнайы ғылыми және салалық терминжүйелердегі метафоралық атау механизмдерін когнитивтік лингвистика тұрғысынан талдау да өзекті болып табылады. Жаңа терминжүйелердегі метафоралардың пайда болу механизмдерін когнитивті тұрғыдан зерттеу өзекті болып саналады, өйткені осы күрделі үдерісті

зерттеудегі белгілі бір жетістіктерге қарамастан, бұл мәселенің көптеген аспектілері әлі де пікірталас тудырады. Антропоцентризммен сипатталатын лингвистиканың қазіргі даму кезеңінде, яғни адаммен, оның қызметімен және ойлауымен байланысты тілдік құбылыстарды қарастыру кезінде метафора ұғымы жаңа қырынан түсіндіріле бастады. Метафора мәселесін қарастыратын зерттеулер оның адамның концептуалдық және вербалды жүйелерін құрудағы маңызды рөлін, қоршаған әлемді категоризациялауға, ойлау мен қабылдау үдерістеріне белсенді қатысуын көрсетеді. Алайда, офтальмология сияқты білім салаларында терминологиялық жүйелер мен метафоралық терминдерді жан-жақты зерттеуге арналған жұмыстар жоқ. Бұл зерттеу құрылымдық-семантикалық, лингвистикалық-когнитивті және функционалдық аспектілерде офтальмология метафораларын зерттеуге арналады. Жұмыстың негізгі теориялық ережелері атау теориясы, семантика теориясы, когнитивті лингвистика теориясы бойынша еңбектерге негізделді. Зерттеу нысаны – офтальмологияның қазақ және ағылшын тіліндегі терминжүйесі. Зерттеудің пәні – метафора офтальмология терминологиясындағы арнайы білімді бейнелеу тәсілі ретінде. Жұмыстың негізгі мақсаты – атау теориясы мен когнитивті лингвистика тұрғысынан метафоралық модельдеу ерекшеліктерін және қазақ және ағылшын тілдеріндегі офтальмология терминжүйесіндегі метафораланудың қолдану тәсілдерін түсіндіру. Зерттеудің мақсаты мен пәні мынадай нақты міндеттерді қоюға негіз болды: 1) қазақ және ағылшын тілдеріндегі офтальмологиядағы метафора-терминдер корпусын және олардың атауыштық сипаттамаларын анықтау; 2) зерттелетін терминжүйені қалыптастыруда метафоралық атаудың ерекшелігін белгілеу; 3) метафора-терминдердің негізгі көздерін анықтау және зерттелетін терминжүйеде метафоралық модельдер құру; 4) метафоралаудың вербалдану тәсілдерін зерделеу және зерттелетін терминжүйеде метафораның модельдерін ұсыну. Зерттеудің негізі болжамы ретінде қазақ және ағылшын офтальмология терминологиясындағы метафоралану ділді, ақыл-ой қызметінің негіздерін, кәсіби тәжірибені, мамандардың лингвомәдени құзыреттілігін көрсететін прагматикалық қайта өңделген арнайы ғылыми білімнің вербалданған көрінісін айтуға болады.

### **Материалдар мен әдістердің сипаттамасы**

Зерттеу материалы монографиялардан, терминологиялық түсіндірме сөздіктерден, энциклопедиялардан, анықтамалықтардан, интернет-каталогтардан, салалық журналдардан, сондай-ақ ресми құжаттардан, халықаралық жіктемелерден және т.б. үздіксіз іріктеу әдісімен алынған дара және күрделі қазақ (47) және ағылшын (52) тілдеріндегі термин-метафоралар болды. Жұмыс дефинициялық талдау әдістерін қолдана отырып, номинативті-когнитивті тұрғыдан орындалды. Жұмыста концептуалды интеграция, когнитивті талдау әдістері қолданылды, бұл

тілді адам ойынан туындаған менталды білім және адамның білімін бейнелеудің маңызды жүйелерінің бірі ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Метафоралық бірліктердің құрылымдық-семантикалық сипаттамаларын сипаттау кезінде компоненттік талдау әдісі, модельдеу әдісі, этимологиялық және статистикалық әдістер қолданылды.

### **Нәтижелер**

Термин жасаудың семантикалық түрлерінің арасында метафоралану тәсілі ең танымал және көп қолданылатын тәсілдердің бірі. Тілдің негізгі рөлі ақпаратты сақтау және ақпаратты жеткізу, деректің тиянақты, нақты мазмұнын ғылымға енгізу. Ғылым тілі – тек идеяны жеткізу немесе қағиданы дәлелдеу үшін ғана негізделмеген. Ғылыми зерттеулерде тіл концептуалды аспап қызметін атқарады, яғни ғалымды дұрыс жолға бағыттайды, ғылымда мұны генеративті күш деп те атайды. Терминдер ғылыми білімдер мен түсініктерді кеңейтуге мүмкіндік береді. Тілдің рөлі ғылымда метафора негізінде қоланылуымен белгілі. Ғылыми тілдегі метафора – коммуникативтік, когнитивтік-танымдық қызмет атқарады, яғни когнитивті ғылымдармен, оның ішінде когнитивті лингвистикамен байланысты. Метафораны қабылдау, қолдану ғылымның түрлі салада дамуына әсер етеді, себебі метафора біздің ойымызды жүйелеп қана қоймай, белгілі бір нысанға бағыттайды. Ал метафоралану бұл бір ұғымның басқа ұғымның ықпалымен, әсерімен басқаша кең мағынада қабылдануы. Ақырында, метафоралар құбылыс немесе идеяны басқа бір құбылыс пен идеяның ықпалымен өзгертіп, бұдан да зор әрі кең мағына мен ұғымды ашуға әсерін тигізеді. Метафоралық теория қазіргі термин шығармашылығының тұжырымдамасын өзгертуге ықпал етті. Ертеректе тек қана нақты және қысқа, бірімәнді және абстрактілі грек-латын терминологиясына сүйенген ғылым тілі қазір метафоралық терминге сүйеніп, кең етек алды. Бұрын ғылыми эмоция ғылыми терминология және ғылыми метафорамен қатар қолданылмайтын болса, қазір ол бұл салалардың құрамдас, ажырамас факторы болды. Метафора-терминдер тек қана жаңа көріністі атап қоймай, сол жаңа көріністі түсінуге, қабылдауға көмектеседі. Таным процесінде, ғылым мен техника тілінде пайда болған метафора-терминдер, күрделі когнитивтік процесте, қоршаған әлемдегі заттар мен құбылыстардың арасындағы аз немесе көп мөлшердегі күрделі қауымдастық байланысты орнату нәтижесінде пайда болады. Терминді қалыптастырушылар мен оны қолданушылар, метафораны білдіретін мәнді ұғынудағы танымдық әрекетті жүзеге асырады деп санайды.

### **Талдау**

Метафоралану механизмі атаудың ұқсастығына негізделеді. Тілде концептінің белгілері мағынаның құрамдас бөлігі ретінде көрсетілгендіктен, олар көбінесе атауды беру туралы емес, мағынаны беру

туралы айтады, яғни, ауыспалы мағына, қоршаған әлем туралы біздің біліміміз метафоралану үдерісі жүретін негіз болып табылады. Метафораны бір сөзбен білдіру мүмкін еместігін ескере отырып (формальды тұрғыдан ол не екі құрамды немесе бірнеше компонентті болып табылады), оған көбірек қолданылатын метафоралық тіркес деген атауды қолданамыз. Әдебиеттерде метафоралық кешендер, метафоралық құрылымдар, метафоралық пайымдау, бинарма деген атаулар да кездеседі.

Бинарма ұғымын дамыта отырып, Н. А. Базилая метафоралық тіркестің басқа синтаксистік модельдері метафоралықтың бірдей мәнін көрсетеді деп есептей отырып, дәл қос компонентті метафораның егжей-тегжейлі сипаттамасын береді. Оның пікірінше, модельдердің күрделілігіне қарамастан, метафорада әрқашан метафоралайтын және метафораланатын болып бөліну принципі қолданылады. Бұл жағдайда метафораланған терминнің белгіден гөрі заттық мағынасы жоғары болады [8, 40 б.]. Н.А. Базилаяның бинарма теориясына сүйене отырып, біз медициналық анықтамалық әдебиеттерден таңдалған офтальмология метафораларының құрылымын талдадық.

Қазақ тілінде екі компонентті метафора-терминдердің келесідей синтаксистік модельдері анықталды: 1) Сын есім + зат есім: *қара катаракта, дөңес линза, құрғақ кератит, қабатты кератопластика, түйіршікті конъюнктивит, қапшықты глаукома, ұшықты кератит*; 2) Зат есім + зат есім: *көз саңылауы, көзұяның қалқасы, көз түбі, көз алмасы, көз бұршағы, көзбұршақ қапшығы, саңырауқұлақшалық кератит, өгіз көз, мысық көз синдромы, қоян көз, бадырақ көз, көзілдірік симптомы, кобра белгісі, көз шемені, көз айнасы, көз сүңгісі, көзұялық бет, көзұялық жиек, көзқарақтың қыртысы* 3) Етістік + зат есім: *көру төмпесі, көру қыртысы*. Үш компонентті метафоралар: 1) Зат есім + сын есім + зат есім: *көздің торлы қабығы*; 2) Етістік + зат есім + зат есім: *көрудің селеубас жасушасы*; 3) Зат есім + шылау + зат есім: *ұршық тәріздес катаракта, диск тәрізді кератит*[9].

Ағылшын тілінде қос компонентті метафоралардың төмендегідей синтаксистік модельдері анықталды: 1) Сын есім + зат есім: Adj.+N сс. Мысалы: *heavy eye* – жоғары деңгейлі біржақты миопия; *ndritic keratitis* - тармақтанған кератит; *pink eye* - жедел конъюнктивит. 2) Зат есім + зат есім: N сс (attr.) + N сс. Мысалы: *pindle cell* – ұршық пішінді жасушалар (пішіні ұршыққа ұқсайтын жасуша / cell - жасуша - көлеңке (сұлбасы сақталған өлі жасуша); *berry aneurysm* – шағын жидекке ұқсайтын қап тәрізді аневризм, 3) Тәуелдік жалғаулы зат есім + зат есім: N рс + N сс. Мысалы: *cat's eye/pupil* – мысық көз белгісі (жарық түскенде қарашықта сары түсті жарқыраудың пайда болуы); *bull's eye* – өгіз көз белгісі (көз алмасының ұлғайып, сыртқа қарай шығуы); *melancholic's eye* – аккомодацияға теріс реакция кезінде қарашықтардың жарыққа оң реакциясы; ауыр депрессия симптомы [10]. 4) Күрделі сын есім + зат есім: Compound Adj. + N сс. Мысалы: *cherry-red spot*

– шие сүйегі белгісі (торлы қабықтың ақшыл, айқын ісінуі бар сары дақ аймағында қызыл кішкене дақ тәрізді көздің тамырлы қабығы). 5) Күрделі зат есім + зат есім: Compound N сс + N сс. Мысалы: *cotton-wool spots / patches* – мақталы түйіршік (қызыл жегі ауруы кезінде көздің ішкі тор қабығында байқалатын, жан-жағы солғын көрінетін сары-сұр немесе ақ түсті дақ); *pinhole effect / pupil* – күрт тарылған қарашық; *keyhole pupil* – туа біткен колобома (көздің нұрлы қабығының ақауы), төңкерілген көз жасы немесе кілттік ұңғымасы бар; *honey-bee lens* – ара көзінің қырлы құрылымын көрсететін көз линзалары. Үш немесе одан да көп компоненті метафоралық тіркестер кездеседі: 1) (Сын есім + зат есім) + зат есім: (Adj. + N сс) + N сс. Мысалы: *natural killer cells* – табиғи өлтіруші жасушалар/табиғи өлтірушілер (адамның қан лимфоциттері; ісік немесе вирусификацияланған нысана жасушаларға қатысты антиденеге және комплементке тәуелсіз цитоуыттылықты көрсетеді); *watered silk retina* – көз торы жарқыланының әсері (кейде балаларда байқалады) [11]; 2) Күрделі сын есім + зат есім + зат есім: Мысалы; *sea-blue histiocyte syndrome* – спленомегалияның қою көк түсті морфологиялық тұрғыдан айқын түйіршікті гистоциттердің болуымен сипатталатын сирек кездесетін бұзылыс; *butterfly-shaped pigment dystrophy* – көбелектің қанаттары түріндегі екі жақты симметриялы ретикулярлық пигментация. 3) (Зат есім + шылау / жалғау + зат есім) + зат есім: Мысалы: *salt and pepper fundus* – кішкентай көк пигментті және қызғылт сары депигментті дақтармен жабылған көз түбі: мерезбен ауыратын науқастарда, сондай-ақ қызылша қызамығы сияқты кейбір басқа ауруларда байқалады; *café au lait spots* – сүт қосылған кофе түсті дақтар; терідегі бірдей ашық қоңыр дақтар, шеттері анық, сопақша, нейрофиброматозға тән, бірақ сау адамдарда да кездеседі [12]. Сонымен, синтаксистік деңгейде кем дегенде екі компонент қажет, олар сәйкестіктің не болатынын және метафоралық тіркестің тура мағынада емес, ауыспалы мағынада қолданылатынын түсіну үшін маңызды контекст құрайды. А. Вежбицкая метафораны біріктірілген салыстыру деп сипаттайды, өйткені метафорада да, салыстыруда да екі субъект салыстырылады, мұнда біреуі ортақ белгіні (белгілерді) көрсету негізінде екіншісіне ұқсатады, салыстыруда бұл белгі вербалды түрде көрсетілген және сияқты (ағылш. like, as) синтаксистік маркер-формант қолданылады, бірақ аталған маркер ағылшын тіліндегі метафорада кездеспейді. Қазақ тілінде метафора жасауда ішінара болса да тәрізді, тәріздес септеулік шылаулары сияқты, іспетті, ұқсас, секілді мағыналарын беру мақсатында қолданылады. Офтальмологиялық терминдік тіркестерді құрудың негізінде жатқан метафоралау механизмін талдай отырып, біз метафораланған нысанды фрейм ретінде анықтаған М. Блэк теориясына сүйендік, яғни бұрыннан белгілі және салыстыру базасы ретінде қызмет ететін метафораланған нәрсені фокус ретінде танып, яғни не үшін салыстыру актісі жүретінін түсінеміз.



Офтальмологиялық метафоралық тіркестерде фрейм төмендегілерге негізделетіні анықталды: 1) *түр-түстің ұқсастығына* (мысалы, ағылшын тілінде: *salmon patch* – көздің қасаң қабығында орналасқан сарғыш түсті түйіндақ (лосось түсі): мерез ауруында байқалады; *Tomato catsup fundus* – хороидты гемангиома нәтижесінде пайда болатын қызыл-қызылт сары түсті көз түбінің қатаюы; қазақ тілінде: *қара катаракта* – аурудың жетілген кезеңінде вакуольдерде (сұйықтық бар қуыстарда) қоңыр пигмент жиналған кезде пайда болады. Ол көз бұршағын қара немесе қара-қоңыр түске бояйды. 2) *пішін ұқсастығына* (мысалы, қазақ тілінде: *көру төмпесі* – аралық мидың орталық бөлігін алып жатқан төмпешікке ұқсас құрылым; *көз саңылауы* – жоғарғы қабақтың аздап түсуіне байланысты тарылады, бұл бұлшықеттің төмендеуі және леватордың әлсіреуінен болады; *көзұя* – бас сүйегіндегі жұптасқан қуыс, ол құстың ұясына ұқсайды; *көзұяның қалқасы* – қабақтың шеміршекті тақталарымен бірге орбитаның алдыңғы жылжымалы қабырғасын құрайтын жақсы анықталған жұқа талшықты-серпімді құрылым, яғни көзұясын қорғап, тасалап, көлегейлеп тұратын құрылым болғандықтан қалқаға ұқсайды; *көз түбі* – көздің торлы қабық, көз тамырлары сияқты бірнеше анатомиялық құрылысын біріктіретін термин [13]. Қазақ тіліндегі түп сөзінің іші қуыс нәрсенің төменгі қабаты, асты [14, 833 б.] деген мағынасы метафораланып, көз қуысының тоқтар жерін, астыңғы қабатын бейнелейтін көз түбі термині жасалған; *көз алмасы* (латын тілінен аударғанда пиязшық және көз мағынасын білдіреді) – көру мүшесінің негізгі бөлігі, пішіні шарға ұқсайды. Көздің бір жағынан шарға немесе сопақша пиязшыққа ұқсастығы алманы еске түсіреді, сондықтан көз алмасы метафора термині пайда болған; *көз бұршағы* – пішіні бұршаққа ұқсас болғандықтан метафоралану үдерісі нәтижесінде термин жасалған; *қапшықты глаукома* – көз бұршақ капсуласының алдыңғы бетінде ақшыл-сұр бұлыңғыр және түйіршікті құрылымы бар қабыршақтардың болуымен сипатталатын көз ауруы; *көзбұршақ қапшығы* – көзбұршақты барлық жағынан жабатын эпителий жасушаларының базальды мембранасы; *ұршық тәріздес катаракта* – көзбұршақтың бұлыңғырлануы алдыңғы капсуладан артқы капсулаға дейін пайда болады, пішіні ұршыққа ұқсайды, көру қабілетінің қатты төмендеуіне әкеледі; *саңырауқұлақшалық кератит* – көздің қасаң қабығының саңырауқұлақ инфекциясының түсуінен қабынуы; *диск тәрізді кератит* – көздің қасаң қабығының диск тәрізді бұлыңғырлануымен сипатталады; *тармақтанған кератит* – көздің қасаң қабығында ағаштың бұтақтарына ұқсайтын сурет пайда болады, бұл ұшықтық кератит салдарынан орын алатын қабыну; *көрудің селеубас жасушасы* – түрлі түстерді көруге арналған көз жасушасы, пішіні жағынан селеу шөбін еске түсіретіндіктен, осындай атауға ие болған; *көру қыртысы* – бұл визуалды ақпаратты өңдеуге жауап беретін ми қыртысының бөлігі, жалпы қолданыстағы қыртыс – жердің сыртқы қабаты, беті деген мағынаның метафоралануы арқылы жасалған термин; *көзқарақтың*

*қыртысы* – линзаның капсуласының астында орналасқан беткі, онша тығыз емес бөлігі; *дөңес линза* – бұл бүкіл аудан бойынша бірдей қисықтық радиусы бар жарты шарлар, линзаның пішіні тегіс емес, дөңес болып келеді; *көздің торлы қабығы* – бұл жарық сигналдарын қабылдайтын көз алмасының ішкі артқы жағы, пішіні торға ұқсайды.

Ағылшын тілінде: *goblet/beaker cell* – эпителий жасушасы (шырышты секрецияның өндірушісі; секрециядан кейін жасуша орнында кратерге немесе стаканға ұқсайтын құрылым қалады); *horseshoe tear* – торлы қабықтың таға тәрізді жыртылуы; *bulb of eye* [15, 349 б.] – көз алмасы (сөзбе-сөз аударғанда көз шамы) (*bulb* – шам, пиязшық); *eyeball* [15] – көз алмасы (сөзбе-сөз аударғанда көз добы (*ball* – доп мағынасында)); *hordeolum* [15, 493 б.] – теріскен (латын тілінен *hordeum* – арпа, көздің сықтан қабынуында пайда болатын түйін арпа дәнін еске түсіреді); *uvea* [15, б.1202] – көздің тамырлы қабығы (латын тілінен *uvea* – жүзім, яғни көз тамырлары жүзім шоғын еске түсіреді); *cataract coralliform* – маржан тәрізді катаракта, яғни көз жанарының бұлыңғырлануы, онда маржанға ұқсайтын үлгіні байқауға болады); *wing cell*/қанатты жасуша, көздің мүйізгек қабығы артындағы жасушасы; 3) ***түр-түс пен пішін ұқсастығына*** (мысалы, ағылшын тілінде: *snowflake cataract* – балалардағы қант диабетінде кездесетін көптеген бұлыңғыр сұр немесе көкшіл-ақ үлпектерді қамтитын катаракта; *strawberry nevus* – гемангиома; құлпынайдың пішіні мен түсіне ұқсайтын туа біткен тамырлы невус; *sun/lower cataract* – ашық түсті бұлыңғырлық, әдетте күнбағыс түріндегі сарғыш түсті; *pupil* – қарашық. Латын тілінде *pupilla* сөзі қуыршақ немесе қыз дегенді білдіреді. Адам өзінің миниатюралық көрінісін басқа адамның қарашығында көреді, бұл оған қуыршақ бейнесін еске түсіреді. Сонымен, көздің ортасындағы қара дөңгелек ағылшын тілінде *pupil* деп аталды); 4) ***құрылысы жағынан ұқсастығына*** (мысалы, ағылшын тілінде: *jelly bumps* – конъюнктиваның бокал тәрізді жасушалары шығаратын контактілі линзалардың бетіндегі желе тәрізді шырышты қабаттар; *pulveriformis cataract* – ұнтақ тәрізді катаракта; *sclera* [15, 1044 б.] – склера (грек тілінен *sklēros* – қатты); *trachoma* [15, 844 б.] – трахома (грек тілінен *trachys* – бұдыр); *jelly trachoma* – қоймалжың трахома (конъюнктиваға қоймалжың болып келетін қосындылар); қазақ тілінде: *құрғақ кератит* – көз айналасының жастың аз бөлінуінен немесе түрлі ауытқулардан құрғап кетуімен сипатталады; *қабатты кератопластика* – тиімді, бірақ күрделі және жоғары кәсіби шеберлікті қажет ететін хирургиялық емдеу әдісі. Бұл эндотелийдің өзгеріссіз қалуына және трансплантация аймағының ұлғаюына мүмкіндік беретін қадамдық кесу жасауға мүмкіндік береді; *түйіршікті конъюнктивит* – бұл түйіршіктердің пайда болуымен бірге жүреді – дәндерде лимфоидты тіндердің жиналуымен сипатталады; *былшық* – қабынып ауырған көзден немесе қартайған адамдардың көздерінен бөлініп шығатын ірің тәрізді қоймалжың не сарғыш сұйық зат. Көздің жиегінде

пайда болатын кілегейлі заттың құрылысының қоймалжың болуы оның метафоралануына негіз болған. 5) **басқа белгілерінің ұқсастығына** (мысалы, қазақ тілінде: *өгіз көз* – көз қызметінің нашарлауымен сипатталатын ауру, нәтижесінде науқастың көзі бұқаның немесе өгіздің көзіне ұқсайды; *мысық көз синдромы* – әдетте туған кезде байқалатын өте сирек кездесетін генетикалық ауру, нәтижесінде мысықтың көзіне ұқсайтын ұзартылған қарашық пайда болады; *қоян көз* – қабақтың толық немесе жартылай жабылмауы, қоянның қабағы қысқа болады, сондықтан олар ұйықтағанда көздері толық жабылмайды, адамның қабағының толық жабылмай, көзін ашып ұйықтауы ауру болып саналады, мұндай адамдарды қоян көз деп атайды; *бадырақ көз* – көздің ұясынан сыртқа ығысуы түрінде байқалатын сырқат, мұнда көз өзінің шарасынан шығып тұрады; *көзілдірік симптомы* – көз айналасындағы көгерулермен сипатталады, бұл көзілдірікті ұзақ таққан адамның көзін көзілдірік сорып тастаған кезде байқалатын белгілерге ұқсайды немесе бұл сырқатты жанат (енот) көз деп те атайды, себебі жанаттың көзінің айналасы қара болып тұрады. Аталған белгілер көзілдірік симптомы терминінің жасалуына негіз болған. Ағылшын тілінде: *crocodile shagreen* – қолтырауынның терісіне ұқсайтын ашық фонда мозаикалық, көпбұрышты сұр қосындылар түріндегі қасаң қабықтың бұлыңғырлануы; *fish-eye disease* – көздің қабығының бұлыңғырлануы пайда болатын ауру, бұл көздің қайнатылған балықтың көзіне ұқсауымен сипатталады; *zébra bodies* – Шванн жасушаларының оқшауланған немесе дегенерация нәтижесінде топтастырылған және зебра терісіндегі үлгіні көрнекі түрде еске түсіретін концентрлі, қабатты цитоплазмалық қосындылары; *bovine eye* – бұқа көз. Глаукомада көзішілік сұйықтықтың ағуы бұзылады, бұл көз алмасының ұлғаюына әкеледі, содан кейін ол бұқаның көзіне ұқсай бастайды); 6) **іс-әрекеттің ұқсастығына** (мысалы, ағылшын тілінде: *doll's eye* – қуыршақ көзі (син. Видровитца симптомы) – дифтериялық полиневритте байқалатын жеңіл экзофтальммен және сирек жыпылықтаумен аккомодация параличі; *crocodile tears* – қолтырауын көз жасы синдромы; шайнаған кезде көзден жастың бөлінуі; *cat's cry syndrome / cri-du-chat syndrome* – мысықтың айқайы синдромы (В тобындағы хромосомалардың ауытқуынан туындаған ауру; микроцефалиямен, ақыл-ойдың артта қалуымен сипатталады, көру мүшесінің дамуының бұзылуы, сондай-ақ көмейдің дамуындағы ауытқулар, нәтижесінде баланың айқайы мысыққа ұқсайды; *funnel-shaped retinal detachment* – тордың шұңқыр тәрізді ыдырауы. Бұл тордың толық бөлінуі, онда ол тек бір жерде – көру жүйкесі дискінің айналасында қалады, бұл шұңқырдың суретін жасайды); қазақ тілінде: *мысықтың айқайы синдромы* (*мысықтың жылауы* деп те аталады) – генетикалық, өте сирек кездесетін ауру; *қолтырауын жас синдромы* – паралич ауруын дұрыс емдемеу салдарынан көз жасын бөлетін бездер тамақ ішу барысында қозып, адамның көзінен жас шығады. Қолтырауындар қоректенген кезде

көздерінен жас шығады. Қолтырауынның қоректену кезінде көзінен жас шығуы офтальмология терминінің жасалуына негіз болған. 7) **ҚЫЗМЕТ ҰҚСАСТЫҒЫНА** (мысалы, ағылшын тілінде: *eyelid* [15, 349 б.] – қабақ (*lid* – қақпақ) *Lid* термині (қабақ) – ескі ағылшын тіліндегі *hlid* сөзінен шыққан және жалпы әдеби тілде қақпақ, қалпақ мағынасы бар, ал офтальмологияда бұл мағынаны қабақтың көз қақпағы ретінде қызмет етуіне байланысты алған, өйткені ол көзді бөгде заттардың енуінен және кеуіп кетуден қорғайды; қазақ тілінде: *қабақ* – көз аңғалағының үстіңгі жағындағы қас өскен шығыңқы сүйек [14, 443 б.], жардың, шатқалдың екі жағасындағы биік жер деген мағынадағы жардың қабағы, шатқалдың қабағы тіркестеріндегі биік жер, үсті деген семалардың метафоралануы арқылы термин жасалған. Екі тілде де қабақ терминінің қызметі бірдей.

Офтальмологиялық терминологияда ұсынылған дүниенің метафоралық бейнесінің орталығы адамның көз мүшесі болғандықтан, тікелей сенсорлық қабылдау нәтижесінде адам көзінің сыртқы түрі мен қасиеттері адамдарда жоқ жануарлардың белгілі бір мүшелерімен салыстырылады (балық көзі, мысық көзі, леопард көз түбі және басқалар). Бұл жағдайда метафоралану негізінен үй және жабайы жануарлардың атауларына негізделеді.

Медициналық метафора-термин модельдерінің қалыптасуын қарастырайық. Дереккөз (донор) – қабылдаушы (реципиент) типі бойынша қалыптасқан концептуалдық модельдерді талдау арқылы медициналық метафоралардың пайда болуы мен қолданылу ерекшеліктерін анықтау мамандандырылған медициналық лексиканың сегменттерін категориялайтын және реттейтін когнитивті-уәжді сызбалар жүйесін жасауға мүмкіндік берді. Медициналық метафорадағы негізгі донорлық салалар табиғи және антропоморфты ұғымдық салалар болып табылады. Берілген концептуалдық кеңістіктер шегінде пайда болатын метафоралар өз кезегінде неғұрлым сараланған модельдерге бөлінеді. Табиғи метафора зооморфты, ботаникалық және географиялық модельдерді қамтиды. Антропоморфты метафора медициналық терминологияда әлеуметтік, артефакт модельдерге негізделген.

Табиғат ұғымдық саласында ең өнімді – зооморфтық модель. Жануарлар әлемі нысаны мен құбылыстарының ұқсастығы медицина саласының нысаны мен құбылыстарына ауысып, зооморфты модельдегі метафора-терминдерін қалыптастырады. Мысалы, қазақ тілінде: *өгіз көз, мысық көз синдромы, қоян көз, жанат көз, бұқа көз, кобра белгісі, мысықтың айқайы синдромы (мысықтың жылауы), қолтырауын жас, тауық соқыры, иие сүйегі синдромы, колибри қысқышы және т.б.* Ағылшын тілінде: *wing cell, cat's eye/pupil, bull's eye, honey-bee lens, butterfly-shaped pigment dystrophy, salmon patch, crocodile shagreen, fish-eye disease, zébra bodies, bovine eye, crocodile tears, cat's cry syndrome/cri-du-chat syndrome, lagophthalmus және т. б.*

Географиялық модель медициналық құбылыстың немесе анатомиялық белгінің белгілі бір ландшафт объектілеріне ұқсастығына негізделген терминдерді тудырады. Мысалы, қазақ тілінде: *дөңес линза, қабатты кератопластика, көз түбі, географиялық кератит, көзұялық жиiek, көзқарақтың қыртысы, көру төмпесі, көру қыртысы және т.б.* Ағылшын тілінде: *funnel-shaped retinal detachment, Asian eyelid (син. Mongolian eye) және т.б.*

Ботаникалық модель өзінің құрылымында флора ұғымдық аймағынан алынған метафоралық компонентті қамтитын медицина терминдерінің қалыптасуына түрткі болады. Мысалы, қазақ тілінде: *көз алмасы, көз бұршағы, көзбұршақ қапшығы, саңырауқұлақшалық кератит, көрудің селеубас жасушасы және т.б.* Ағылшын тілінде: *berry aneurysm, cherry-red spot, cotton-wool spots/patches, café au lait spots, tomato catsup fundus, hordeolum, uvea, cataract coralliform, snowflake cataract, strawberry nevus, sun/lower cataract және т.б.*

Ең өнімді антропоморфты метафоралық модельдің қайнар көзі болып табылатын адам ұғымдық сферасы әлеуметтік, артефакт модельдер сияқты сараланған аймақтарға бөлінеді. Адам әлеуметтік субъект ретінде ұғымдық саласынан метафоралық ауысу (әлеуметтік антропоморфтық модель) аурудың адамның әлеуметтік рөліне, жасына, мәртебесіне немесе өніміне ұқсастығы негізінде жүзеге асырылады: *can-opener technique* (катаракта экстракциясы кезінде шеңберді кесу және линзаның алдыңғы капсуласын алу әдісі); *bridle suture* (көз алмасының тұтас айналуынан жоғары тік бұлшық ет арқылы өтетін тігіс); *natural killer cells* – табиғи өлтіруші жасушалар/табиғи өлтірушілер (адамның қан лимфоциттері; ісік немесе вирусификацияланған нысана жасушаларға қатысты антиденеге және компонентке тәуелсіз цитоуыттылықты көрсетеді); *жасөспірімдік глаукома, қарттар катарактасы т.б.*

Артефакт метафора медициналық терминдерді (әдетте екі бөліктен тұратын) жасау үшін концептуалдық негізді құрайды, оның құрамдас бөліктерінің бірі кез келген заттың (негізінен тұрмыстық заттар мен киім-кешек) атауы болып табылады. Бұл концептуалдық модель ең өнімді болып табылады. Мысалы, қазақ тілінде: *қапшықты глаукома, көзбұршақ қапшығы, көз айнасы, ұршық тәріздес катаракта, диск тәрізді кератит және т.б.* Ағылшын тілінде: *pindle cell, keyhole pupil, goblet/beaker cell, horseshoe tear, bulb of eye, eyeball, pupil, jelly bumps, doll's eye, eyelid және т.б.*

Қазақ және ағылшын офтальмология саласындағы метафора терминдердің әмбебап белгілері басым екенін көрсетті. Дегенмен, терминжасауда әр ұлттың өзіне тән ерекшелігі де байқалды. Мысалы, ағылшын тілінде *optic cup* (глазная чаша) термині ағылшындардың күнделікті су, шәй ішіп жүрген ыдыстарының дөңгелек пішінімен ассоциацияланып жасалғаны байқалады, дәл осы термин қазақ тілінде *көз*

*шарасы* деген метафора терминмен аталады, өйткені қазақ ұғымында шара үлкен ағаш ыдыс, тегене, аяқ [14, 904 б.] дегенді білдіретін іші ойық ыдыс. Көріп отырғанымыздай, қазақтың өз қолымен ағаштан ойып жасаған ыдысы көз алмасы орналасқан бассүйек шұңқырын атауда ассоциация тудырып, сәтті термин жасалған. Метафора терминдердің жасалуындағы ұлттық-мәдени ерекшелікті қазақ тіліндегі географиялық метафора модельдерінен де айқын көруге болады. Мысалы, *дөңес линза, қабатты кератопластика, көзұялық жиек, көзқарақтың қыртысы, көру төмпесі, көру қыртысы және т.б.* Берілген терминдердің метафоралануына негіз болып тұрған дөңес, төмпе, жиек, қыртыс, қабат сөздерінің барлығы қазақ ұлтының көшпенді өмір сүру салтының арқасында жер бедерін өте жақсы білгенін, оның әрқайсысына жеке-жеке атау бергенін байқау қиын емес. Керісінше аталған модельдің ағылшын тілінде сирек кездесетінін зерттеу барысы көрсетті. Ағылшын тілінде ботаникалық метафоралық модель қазақ тіліне қарағанда басымдық танытады. Мысалы, *café au lait spots* – сүт қосылған кофе түсті дақтар деген анықтамасы бар метафораның жасалуына ағылшындардың күнделікті сүт қосылған кофені жиі ішетіні және ауру белгісі болып саналатын қара, қоңыр дақтарды көргенде бірден сүт қосылған кофенің дақтарының түсі ассоциацияланғаны байқалады. Офтальмология терминжүйесіндегі метафоралардың когнитивтік механизмдерін зерттеу оларға тән әмбебап сипаттар мен ұлттық-мәдени ерекшеліктердің болатынын көрсетті.

Сонымен, қазақ және ағылшын офтальмология терминжүйесіндегі метафоралық модельдер (1-кесте) ұқсас, мұны ғылыми стилдің басты ерекшелігі терминдік атаулардың бір мағынада қолдануы, ғылыми ұғымды дәл әрі анық белгілеуімен және жалпы адамзатқа ортақ тілдік универсалий құбылысымен түсіндіреміз. Терминдік жүйелерде метафоралар мен метафоралық тіркестер жиі кездеседі. Терминологияның метафора-терминдер арқылы толығыуы терминшінің немесе маманның кәсіби ойлау нәтижесінде жүзеге асады.

Кесте 1. Офтальмологиялық терминжүйедегі метафоралық модельдер

Р/с	Ұғымдық саласы	Метафоралық модель түрлері	Қазақ офтальмология терминжүйесі	Ағылшын офтальмология терминжүйесі
1	Табиғи метафоралық модель	Зооморфты модель	<i>өгіз көз, мысық көз синдромы, қоян көз, жанат көз, бұқа көз, кобра белгісі, мысықтың айқайы синдромы (мысықтың жылауы), қолтырауын жас, тауық соқыры, «шие сүйегі»</i>	<i>wing cell, cat's eye/pupil, bull's eye, honey-bee lens, butterfly-shaped pigment dystrophy, salmon patch, crocodile shagreen, fish-eye disease, zebra bodies,</i>

			синдромы, «колибри» қысқышы	<i>bovine eye, crocodile tears, cat's cry syndrome/cri-du- chat syndrome, lagophthalmus</i>
		Ботаникалық модель	көз алмасы, көз бұршағы, көзбұршақ қапшығы, саңырауқұлақшалық кератит, көрудің селеубас жасушасы және т.б.	<i>"berry" aneurysm, cherry-red spot, cotton-wool spots/patches, café au lait spots, "tomato catsup" fundus, hordeolum, uvea, cataract coralliform, snowflake cataract, strawberry nevus, sun/lower cataract және т.б.</i>
		Географиялық модель	дөңес линза, қабатты кератопластика, көз түбі, географиялық кератит, көзұялық жиек, көзқарақтың қыртысы, көру төмпесі, көру қыртысы және т.б.	<i>funnel-shaped retinal detachment, Asian eyelid (син. Mongolian eye) және т.б.</i>
2	Антропоморфты метафоралық модель	Әлеуметтік модель	жасөспірімдік глаукома, қарттар катарактасы т.б.	<i>cap-opener technique bridle suture natural killer cells т.б.</i>
		Артефакт модель	қапшықты глаукома, көзбұршақ қапшығы, көз айнасы, ұршық тәріздес катаракта, диск тәрізді кератит және т.б.	<i>pindle cell, "keyhole pupil, goblet/beaker cell, horseshoe tear, bulb of eye, eyeball, pupil, "jelfy" bumps, doll's eye, eyelid және т.б.</i>

### Қорытынды

Қорытындылай келе, медициналық дискурстағы метафораның рөлі когнитивті-прагматикалық тұрғыдан өте маңызды екенін атап өткен жөн. Когнитивті метафораларды қолдану адамның әлемге деген белгілі бір

қатынасын модельдеуге мүмкіндік береді, бұл адамның қарым-қатынасының осы саласында қойылған коммуникативті міндеттерді шешіп қана қоймай, сонымен қатар ақпаратты игеру және өңдеу, сондай-ақ жаңа білім алу және игеру тұрғысынан танымдық іс-әрекеттерді жүзеге асырады. Дискурстың осы түрінің ерекшелігіне байланысты медициналық ұғымдардың метафоралық көрінісі ерекше сипаттағы ақпаратты беру үшін бірқатар функцияларды орындайды: бір жағынан, когнитивті метафораны осы ұғымдарға енгізілген мағыналарды түсіндіру үшін, екінші жағынан, этикалық тұрғыдан анықталған қайта құру, эвфемизация, сондай-ақ кәсіби саладағы нақты жағдайды жасыру мақсатында қолдануға болады. Басқаша айтқанда, медициналық дискурста когнитивті метафораны қолдану ақпараттың белгілі бір түріне назар аударуға және жұмсартуға, бейтараптандыруға, жасыруға қызмет етуі мүмкін. Кейбір жағдайларда теріс коннотациялары бар әртүрлі семантиканың тілдік бірліктерін жүзеге асыруға негізделген метафораларды қолдану, ең алдымен пациенттер арасында қолайлы психологиялық климат құру тұрғысынан, қойылған кәсіби мақсаттарға қол жеткізуге ықпал етуі мүмкін. Медициналық дискурстағы когнитивті метафора ғылыми құбылыстар мен процестердің мәнін зерттеуде ерекше рөл атқарады, бұл бірқатар зерттеулермен расталады және арнайы әдебиеттерде көрініс табады.

Осылайша, метафора түрлерін зерттеу метафоралық мағыналардың дамуының жалпы бағытын анықтауға көмектеседі. Тіл мен мәдениеттің байланысын, мағынаның ұлттық-мәдени ерекшелігін бақылау оның типологиялық сипаттамаларын анықтауға мүмкіндік береді, олар бейнелі құралдардың көмегімен жасалады, соның ішінде белгілі бір тілдің ерекшелігін көруге мүмкіндік береді.

## ӘДЕБИЕТ

[1] Гак В. Г. Метафора: универсальное и специфическое // Метафора в языке и тексте / Под ред. В. Н. Телия. – М: Наука, 1988. –11 с.

[2] Lakoff G., Johnson M. *Metaphors We Live By*. – Chicago: University of Chicago Press, 1980. – 256 p.

[3] Tianying, L. Bogoyavlenskaya, Y. V. *Semantic Transformation and Cultural Adaptation of Metaphor and Multimodal Metaphor in Multilingual Communication from the Perspective of Cognitive Linguistics* // *Eurasian Journal of Applied Linguistics*. – 2023. – P. 161-189. – URL: doi: <http://dx.doi.org/10.32601/ejal.901015>

[4] Charteris-Black, J. *Corpus approaches to critical metaphor analysis*. Houndmills. 2004. – 278 p. – URL: doi: <https://doi.org/10.1057/9780230000612>

[5] Semino, E., Demjén, Z., & Demmen, J. *An Integrated Approach to Metaphor and Framing in Cognition, Discourse, and Practice, with an Application to Metaphors for Cancer* // *Applied Linguistics*. – 2018. – P. 625-645. – URL: doi:10.1093/applin/amw028



[6] Рысберген Қ.Қ. Когнитивтік метафораның лингвотанымдық әлеуеті (ономастикалық материалдар негізінде) // Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті Хабаршысы. «Филология ғылымдары» сериясы. – 2023. – №2 (69). – Б. 182-196. – URL: doi: <https://doi.org/10.48371/PHILS.2023.69.2.012>

[7] Дильманова М.Т. Анализ концептуальной метафоры и метонимии во фразеологических единицах (гуаньюньюй) китайского языка // Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті Хабаршысы. «Филология ғылымдары» сериясы. – 2022. – №3 (66). – Б. 38-49. – URL: doi: <https://doi.org/10.48371/PHILS.2022.66.3.003>

[8] Басилая Н.А. Семасиологический анализ бинарных метафорических словосочетаний. – Тбилиси: Изд-во ТГУ, 1971. – 78 с.

[9] Kazmedic.org. – URL: <https://kazmedic.org/archives/3126>. 20.06.2023.

[10] Англо-русский медицинский энциклопедический словарь: дополненный перевод 26-го издания Стедмана : словарь / ред. А. Г. Чучалин. – 2-е изд. испр. – М.: ГЭОТАР-Медиа, 2003. – 718 с.

[11] Энциклопедический словарь медицинских терминов: В 3-х томах. Около 60 000 терминов. / Гл. ред. Б.В.Петровский. – М.: Советская энциклопедия, 1982.

[12] Dorland's Illustrated Medical Dictionary. Edition 28. – Philadelphia: W.B.Sauders Company. – 1994. – 1940 p.

[13] Орысша-қазақша түсіндірме сөздік: Биология / Жалпы редакциясын басқарған э.ғ.д., профессор Е. Арын. – Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ. 2007. – 1028 б.

[14] Жанұзақов Т. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы, Жазушы, 2008. – 893 б.

[15] Lexicon Medicum: Anglicum, Russicum, Gallicum, Germanicum, Latinum, Polonium / ed. by B. Złotnicki. – Warsaw: Polish Medical Publishers, 1971. – 1603 p.

## REFERENCES

[1] Gak V. G. Metafora: universal'noe i specificheskoe (Metaphor: universal and specific) / Metafora v jazyke i tekste / Pod red. V. N. Telija. – M: Nauka, 1988. – 11 s. [in Rus.]

[2] Lakoff G., Johnson M. Metaphors We Live By. – Chicago: University of Chicago Press, 1980. – 256 p.

[3] Tianying L. Bogoyavlenskaya Y. V. Semantic Transformation and Cultural Adaptation of Metaphor and Multimodal Metaphor in Multilingual Communication from the Perspective of Cognitive Linguistics // Eurasian Journal of Applied Linguistics. – 2023. – P. 161-189. – URL: doi: <http://dx.doi.org/10.32601/ejal.901015>

[4] Charteris-Black J. Corpus approaches to critical metaphor analysis. Houndmills. 2004. – 278 p. – URL: doi: <https://doi.org/10.1057/97802300000612>

[5] Semino E., Demjén Z., & Demmen J. An Integrated Approach to Metaphor and Framing in Cognition, Discourse, and Practice, with an Application to Metaphors for Cancer // Applied Linguistics. – 2018. – P. 625-645. – URL: doi:10.1093/applin/amw028

[6] Rysbergen Q.Q. Kognitivтік метафораның лингвотанымдық әлеуеті (onomastikalық материалдар негізінде) (Linguistic cognitive potential of cognitive metaphor (based on onomastic materials)) // Aбылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті Хабаршысы. «Филология ғылымдары» сериясы. – 2023. – №2 (69). – Б. 182-196. – URL: doi: <https://doi.org/10.48371/PHILS.2023.69.2.012> [in Kaz.]

[7] Dilmanova M.T. Analiz konseptualnoi metafory i metonimii vo frazeologicheskikh edinisah (guänünüi) kitaiskogo iazyka (Analysis of conceptual metaphor and metonymy in

phraseological units (guanyunyu) of the Chinese language) // Abylai han atyndaǵy Qazaq halyqaralyq qatynastar jáne álem tilderi universiteti Habarshysy. «Filologia ǵylymdary» seriasy. – 2022. – №3 (66). – B. 38-49. – URL: doi: <https://doi.org/10.48371/PHILS.2022.66.3.003> [in Rus.]

[8] Basilaja H.A. Semasiologicheskij analiz binarnyh metaforicheskikh slovosochetaniy (Semasiological analysis of binary metaphorical phrases). – Tbilisi: Izd-vo TGU, 1971. – 78 s. [in Rus.]

[9] Kazmedic.org. – URL: <https://kazmedic.org/archives/3126>. 20.06.2023. [in Kaz.]

[10] Anglo-ruski medisinski ensiklopedicheski slovär: dopolnennyi perevod 26-go izdania Stedmana: slovär (English-Russian medical encyclopedic dictionary: additional translation of the 26th edition of Steadman: dictionary) / red. A. G. Chuchalin. - 2-e izd. ispr. – M.: GEOTAR-Media, 2003. – 718 s.

[11] Jenciklopedicheskij slovar' medicinskih terminov (Encyclopedic Dictionary of Medical Terms): V 3-h tomah. Okolo 60 000 terminov. / Gl. red. B.V.Petrovskij. – M.: Sovetskaja jenciklopedija, 1982.

[12] Dorland's Illustrated Medical Dictionary. Edition 28. – Philadelphia: W.B.Sauders Company. – 1994. – 1940 p.

[13] Oryssa-qazaqsha túsındırme sözdık: Biologia (Russian-Kazakh Explanatory Dictionary: Biology) / Jalpy redaksiasyn basqarǵan e.ǵ.d., profesor E. Aryn. – Pavlodar: «EKO» GÖF. 2007. – 1028 b.

[14] Janūzaqov T. Qazaq tiliniñ túsındırme sözdıǵı (Explanatory Dictionary of the Kazakh language). – Almaty, Jazuşy, 2008. – 893 b.

[15] Lexicon Medicum: Anglicum, Russicum, Gallicum, Germanicum, Latinum, Polonum / ed. by B. Złotnicki. – Warsaw: Polish Medical Publishers, 1971. – 1603 p.

## КОГНИТИВНЫЕ МЕХАНИЗМЫ МЕТАФОРЫ В ТЕРМИНООБРАЗОВАНИИ

Хасангалиева Б.К.<sup>1</sup>, \*Исакова С.С.<sup>2</sup>, Исакова А.С.<sup>3</sup>

<sup>1</sup>докторант, Актюбинский региональный университет им. К.Жубанова  
Актобе, Казахстан, e-mail: [bibigul2901@mail.ru](mailto:bibigul2901@mail.ru)

<sup>\*2</sup>доктор филологических наук, профессор, Актюбинский  
региональный университет им. К.Жубанова  
Актобе, Казахстан, e-mail: [sabira-i@yandex.ru](mailto:sabira-i@yandex.ru)

<sup>3</sup>кандидат филологических наук, старший преподаватель, Каспийский  
государственный университет технологий и инжиниринга имени Ш.

Есенова

Актау, Казахстан, e-mail: [assylymay.issakova@yu.edu.kz](mailto:assylymay.issakova@yu.edu.kz)

**Аннотация.** Статья посвящена определению когнитивных механизмов метафоры в терминологии. Объект исследования – терминология офтальмологии на казахском и английском языках. Предметом исследования является метафора как способ представления специальных знаний в терминологии офтальмологии. Цель исследования – разъяснение особенностей метафорического моделирования с точки зрения теории номинации и когнитивной лингвистики и способов применения метафорической системы терминологии офтальмологии на казахском и английском языках. Цель и предмет исследования были направлены на решение следующих конкретных задач: 1) Определение корпуса метафорических терминов в офтальмологии на казахском и английском языках и их номинативных характеристик; 2) установление специфики

метафорического наименования при формировании исследуемой терминосистемы; 3) определение основных источников термин-метафор и построение метафорических моделей в исследуемой терминосистеме; 4) изучение способов вербализации метафоры и представление моделей метафор в исследуемой терминосистеме. В качестве материала исследования взяты простые, сложные казахские и английские термин-метафоры, полученные методом непрерывной выборки из монографий, терминологических толковых словарей, энциклопедий, справочников, интернет-каталогов, отраслевых журналов, а также официальных документов, международных классификаций и др. Теоретическая значимость исследования заключается в том, что его результаты могут способствовать совершенствованию методологии анализа терминсистем общей терминологии и терминсистем офтальмологии. Использование методов когнитивного анализа для изучения терминов и определение функции метафор в терминах, способствует дальнейшему развитию теории метафор, дает дополнительную возможность для более глубокого познания когнитивных процессов, лежащих в основе метафор-терминов. Практическая значимость исследования проявляется в возможности интерпретации корпуса метафор офтальмологии, а также использования при чтении общих лекций и проведении семинаров.

**Ключевые слова:** термин, терминология, терминосистема, метафора, метафора-термины, метафорическая модель, когнитивный механизм, термины офтальмологии

## COGNITIVE MECHANISMS OF METAPHOR IN TERM FORMATION

Khasangalieva B.K.<sup>1</sup>, \*Issakova S.S.<sup>2</sup>, Issakova A.S.<sup>3</sup>

<sup>1</sup>doctoral student, Aktobe Regional University named after K.Zhubanov Aktobe, Kazakhstan, e-mail: [bibigul2901@mail.ru](mailto:bibigul2901@mail.ru)

\*<sup>2</sup>Doctor of Philology, professor, Aktobe Regional University named after K.Zhubanov, Aktobe, Kazakhstan, e-mail: [sabira-i@yandex.ru](mailto:sabira-i@yandex.ru)

<sup>3</sup>Candidate of Philology, Senior Lecturer, Yessenov University Aktau, Kazakhstan, e-mail: [assylymay.issakova@yu.edu.kz](mailto:assylymay.issakova@yu.edu.kz)

**Abstract.** The article is devoted to the definition of cognitive mechanisms of metaphor in term formation. The object of the study is the terminology of ophthalmology in Kazakh and English. The subject of the study is a metaphor as a way of presenting special knowledge in the terminology of ophthalmology. The purpose of the study is to explain the features of metaphorical modeling from the point of view of the theory of nomination and cognitive linguistics and the ways of applying the metaphorical system of ophthalmology terminology in Kazakh and English. The purpose and subject of the study were aimed at solving the following specific tasks: 1) Definition of the corpus of metaphorical terms in ophthalmology in Kazakh and English and their nominative characteristics; 2) establishment of the specifics of the metaphorical name in the formation of the term system under study; 3) identification of the main sources of term-metaphors and the construction of metaphorical models in the term system under study; 4) the study of ways to verbalize metaphors and the representation of metaphor models in the term system under study. As the research material, simple, complex Kazakh and English term-metaphors obtained by continuous sampling from monographs, terminological explanatory dictionaries, encyclopedias, reference books, online catalogs, industry journals, as well as official documents, international classifications, etc. are taken. The theoretical significance of the study lies in the fact that its results can contribute to the improvement of the methodology of the analysis of terminological systems of general terminology and terminological systems of ophthalmology. The use of cognitive analysis

methods for the study of terms and the definition of the function of metaphors in terms contributes to the further development of the theory of metaphors, provides an additional opportunity for a deeper understanding of the cognitive processes underlying metaphor-terms. The practical significance of the study is manifested in the possibility of interpreting the corpus of metaphors of ophthalmology, as well as using it when reading general lectures and conducting seminars.

**Keywords:** term, terminology, term system, metaphor, metaphor-terms, metaphorical model, cognitive mechanism, ophthalmology terms

*Статья поступила 30.07.2023*